Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	Қазақ тілінің айтылым субтестін американдық OPI жүйесіне бейімдеу арқылы жетілдірудің қолданбалы мүмкіндіктері (AP 23488336)
Жоба өзектілігі	Ұсынылып отырған Жоба тақырыбының өзектілігі жалпы қазақ тілінен тестілеу жүйесінің қолданбалы міндеттерімен, соның ішінде сөйлеу субтестін жетілдірумен байланысты. Жоба тақырыбы мен мәселесі ауызша сөйлеуді бақылау және бағалау жүйесін ұйымдастыруға қызығушылықтың жоғарылауымен анықталады. Зерттеу нәтижесінде американдық OPI жүйесінің мүмкіндіктерін пайдалану арқылы қазақ тілінде сөйлеу субтесті жетілдірілетін болады
Жоба мақсаты	Қазақ тілін меңгеру деңгейін және тілдік құзыреттілікті тестілеу арқылы анықтаудың іргелі және қолданбалы бойынша тиімді шешімдер табу, сондай-ақ американдық OPI жүйесінің қолданбалы мүмкіндіктерін қазақ тілінің айтылым субтестін жетілдіру үшін пайдаланудың лингвистикалық тетіктерін ұсыну, осылайша, тұтастай қазақ тілінің тестілеу жүйесін, оның ішінде, айтылым субтестін халықаралық стандарттардағы тиісті талаптарға сәйкестендірудің алғышарттарын анықтау.
Жоба міндеттері	- айтылым субтесті бойынша отандық тест жүйелерін сараптау; - әлемдік тестілеу тәжірибелеріндегі айтылым субтестінің құрылымына шолу жасау; - американдық OPI тест жүйесінің құрылымын, мазмұны мен формасын талдау; - американдық OPI тест жүйесінің құрылымына қазақ тілін тестілеудің айтылым субтестін бейімдеудің қолданбалы мүмкіндіктерін бағалау; - американдық OPI тест жүйесінің құрылымына бейімделген қазақ тілін тестілеудің айтылым субтесті бойынша тапсырмаларды құрастырудың спецификасын жасау; - айтылым субтесті бойынша әртүрлі деңгейге арналған сұрақтар мен тест тапсырмаларының талаптарға жарамды және сенімділігіне корреляциялық талдау; - зерттеу нәтижесінде әзірленген тест тапсырмаларын верификациялау үшін қазақ тілінің төл иелері мен өзге ұлт өкілдері арасында пилоттық эксперимент жүргізу
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	- ACTFL (American Council on the Teaching of Foreign Languages) ұйымының OPI (Oral Proficiency Interview) тест жүйесіндегі айтылымға арналған тапсырмалардың құрылымы, мазмұны мен формасы талданды. - Американдық OPI тест жүйесін жүзеге асырудың қолданбалы мүмкіндіктері бағаланды және олардың қазақ тілін тестілеудің айтылым субтесті үшін тиімді тұстары анықталды. - OPI тест жүйесінің спецификасы алынды және сол спецификa негізінде қазақ тілінде айтылым бойынша тест тапсырмаларын құрастырудың спецификасы жасалды. - Американдық OPI тест жүйесіне бейімделген қазақ тілін тестілеудің айтылым субтесті бойынша әртүрлі

	деңгейге арналған сұрақтар мен тест тапсырмаларының талаптарға жарамдылығы және сенімділігіне корреляциялық талдау жасалды. - Зерттеу нәтижесінде әзірленген, американдық OPI тест жүйесіне бейімделген қазақ тілін тестілеудің айтылым субтесті бойынша тест тапсырмаларының тиімділігін верификациялау үшін қазақ тілінің төл иелері мен өзге ұлт өкілдері арасында пилоттық эксперимент жүргізілуде. Эксперимент нәтижелері өңделіп, 1 мақала ҒЖБССКК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымдарда жарияланады. - Social Science Citation Index индекстелетін және Web of Science базасында импактфактор бойынша 1 (бірінші) немесе 2 (екінші) квартильге және (немесе) CiteScore бойынша Scopus базасында кемінде 65 (алпыс бес) процентилі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда 1 (бір) мақала немесе шолу жариялау үшін жоба міндеттеріне сай атқарылған жұмыстар мен зерттеу нәтижелері талданып, тұжырымдар жасалуда. - Жоба орындаушылары жобаның теориялық және қолданбалы нәтижелері бойынша 1 ғылыми монография жариялауға арналған материалдарды іріктеп, сұрыптауда. Монографияға қажетті жоба тақырыбына қатысты теориялық-әдіснамалық еңбектерге аналитикалық шолу жасалып, практикалық нәтижелер тұжырымдалуда. - Қазақ тіліндегі тестілеу жүйесінің ғылыми метатілін қалыптастыруға арналған екітілді сөздік жариялау бойынша лексикографиялық дереккөздермен жұмыс істелуде.
Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер	1. Кузембекова Жанна Жалайыровна Scopus: 57220102176, ORCID: http://orcid.org/0000-0002-8109-5739 2. Алдашева Камар Сагингалиевна Индекс Хирша – 1, Scopus: 56674595500, https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56674595500 ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5292-6727 3. Мамбетова Маншук Кудайбергеновна, Scopus: 57148360300, https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57148360300 Web of Science ResearcherID LPQ-1983-2024, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8870-4787 4. Досанова Альбина Маратхановна, Индекс Хирша – 1, Scopus: 57331217800, https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57331217800 ORCID https://orcid.org/0000-0002-8302-3982 5. Утемгалиева Насихат Адайхановна, Scopus: 57764115500, https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=58309056000 ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4886-111X 6. Нәбиева Гүлназ Серікқызы, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4015-1500 7. Демесинова Жулдыз Октябриновна, ORCID https://orcid.org/0009-0008-1023-0199

Қолдану	Жоба нәтижелері қазақ тілін тестілеу жүйесін жетілдіру және оны халықаралық стандарттарға сәйкестендіру үдерісінде кеңінен қолданылуы мүмкін. Атап айтқанда, зерттеу барысында әзірленген ғылыми-әдістемелік тұжырымдар мен практикалық ұсыныстар қазақ тілінің айтылым субтестін жетілдіруге, оның құрылымы мен мазмұнын оңтайландыруға бағытталған.
Приоритет в сравнении с реальными аналогами	Жоба аясында алғаш рет халықаралық деңгейде мойындалған американдық OPI (Oral Proficiency Interview) жүйесін қазақ тілінің ерекшеліктеріне бейімдеу жүзеге асырылады. Бұл тексерілген халықаралық стандарттарды ұлттық тестілеу жүйесіне ықпалдастыруға мүмкіндік береді. Қолданыстағы бағалау жүйелері, әдетте, негізінен жазбаша дағдылар мен грамматикалық құзыреттілікке бағытталса, аталған зерттеуде басты назар ауызша сөйлеуді дамыту мен оны объективті бағалауға аударылады. Жоба айтылымды бағалаудың ғылыми негізделген критерийлері мен дескрипторларын ұсынады, бұл тестілеу нәтижелерінің валидтілігі мен сенімділігін арттыруға ықпал етеді. Зерттеудің маңызды артықшылықтарының бірі – оның қолданбалы сипаты. Әзірленген модельдер мен әдістемелік шешімдер қолданыстағы тестілеу жүйелеріне, білім беру бағдарламаларына және цифрлық платформаларға тікелей енгізілуі мүмкін, бұл олардың практикалық маңыздылығы мен сұранысқа ие болуын қамтамасыз етеді.
Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)	- Aldasheva K.S., Utemgaliyeva N.A., Nabiyeva G. The Specificity of Speaking Subtest in Language Testing ҚазҰУ хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – №3 (195). – 2024.– Б. 15-24. **DOI:** https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v195.i3.ph02 https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/4749 - Күзембекова, Ж. ., & Демесинова, Ж. . (2025). Американдық OPI тест жүйесін жүзеге асырудың қолданбалы мүмкіндіктерін бағалау және олардың қазақ тілін тестілеудің айтылым субтесті үшін тиімді тұстарын анықтау. *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы*, *150*(1), 303–314. https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-303-314 https://bulphil.enu.kz/index.php/main/article/view/926 - Кузембекова Ж. Анализ международной теории и практики тестовых систем // XXXII Международная научно-практическая конференция: «Актуальные вопросы науки и практики и перспективы их решений». - г. Анапа, 2024. - 65-71. https://drive.google.com/file/d/1Z4wSJ4FWj5QSl5B8jD_FX-YUoAyatd6z/view?usp=sharing - Кузембекова Ж., Нәбиева Г. Халықаралық шет тілі емтихандарының құрылымындағы сөйлеу қосалқы тесті // «Prospects and Key Tendencies of Science in Contemporary World» Proceedings of XLVIII International Multidisciplinary

	Conference. - Мадрид, 2024, - Б. 109-119. https://drive.google.com/file/d/1zvVI9kSKya-pnO2GOtMAQv9g54Hk1yEq/view?pli=1 - Кузембекова Ж., Нәбиева Г. OPI (Oral Proficiency Interview) тілдік тестілеу жүйесінің құрылымы мен мазмұны. «Асқар Жұбанов оқулары – 4» тұрақты ғылыми тілтанымдық аясында ұйымдастырылған «Қазақ тілінің ұлттық корпусы – үлкен тілдік модельді (LLM) оқытудың тілтанымдық базасы» атты дөңгелек үстел материалдары. – Алматы. «ЖК Асыл», 2025. – 303-311 беттер. https://drive.google.com/file/d/14s7LUVXFP8uRQbw5Nta-KKl0TEveC5_M/view?usp=sharing - Кузембекова Ж., Досанова А. *Correlation Analysis of the Validity and Rellability of Leveling Tasks for Testing the Kazakh Language Adapted tp the Testing System.* Знания и научный прогресс: вызовы глобализации и развитие в условиях новой реальности. Сборник научных трудов по материалам IV Международной научно-практической конференции. – Анапа: НИЦ ЭСП в ЮФО, 2025. – 62-68 стр. https://drive.google.com/file/d/1yMermxVgZNS2t1re_q3--BTVqc978yxX/view?usp=sharing Elibrary: https://www.elibrary.ru/item.asp?id=83116143
Патент туралы ақпарат	-